

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 3 маусым N 3010

Тұрғын үйді ұстау мен тұрғын үй-коммуналдық қызмет үшін ақы төлеудің жаңа принциптеріне көшу мақсатында қаулы етемін:

"Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 U931344_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 35, 405-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

6-тармақтағы соңғы сөйлем алынып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Жаңа тұрғын үй саясатының мемлекеттік бағдарламасы мен оны жүзеге асыру тетіктерінде:

"Тұрғын үй саласын қаржыландыру" деген II бөлімнің 10-тарауында:

жетінші абзац алынып тасталсын;

сегізінші абзацтағы "Соңғы міндетті шешу" сөздері "Тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылығын дотациясыз жұмыс істеуге көшіру" сөздерімен ауыстырылсын;

оныншы абзацтағы "мен жәрдем көрсету" сөздері алынып тасталсын;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Аталған өтемақылар отбасыларға тұрғын үйді ұстау мен тұрғын үй-коммуналдық қызмет үшін төленетін ақыны азайту ретінде аударым түрінде беріледі. Өтемақылар берудің тәртібін Үкімет белгілейді";

он екінші абзац алынып тасталсын;

10.1.2-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10.1.2. Тұрғын үйді ұстау мен тұрғын үй-коммуналдық қызмет үшін төленетін ақыны көбейту кезең-кезеңімен жүргізілсін, бұл ретте осы шығыстардың сомасы отбасының жиынтық табысының 30 процентінен аспауға тиіс";

10.1.4. және 10.2.2. тармақшалары алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК